

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі

Ж.Томар

« 25 » 05 2022ж

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

Ж. Темирбекова

05 2022ж



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХКТУ-042-2022

УНИВЕРСИТЕТКЕ ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАР МЕН ПРОФЕССОРЛАРДЫ ШАҒЫРТУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Ғылым департаментімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер: – Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков
– Экономика, басқару және құқық факультетінің
ғылым жөніндегі декан орынбасары А. Нургожаев
3. Келісілді: – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
– Академиялық мәселелер вице-ректоры
Ә.Идрисова
– Қаржы және халықаралық байланыстар вице-
ректоры Пусат Пилтен
– Заң бөлімінің басшысы Г. Мусаханов
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы
Қ. Тубеков
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау
және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
5. Тексерілу мерзімі – 2024 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым
Түркістан, 2022



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 2 – ші беті

Мазмұны

1.	Қолданылу саласы _____	3
2.	Нормативтік сілтемелер _____	3
3.	Анықтамалар _____	4
4.	Қысқартулар _____	4
5.	Жауапкершілік _____	4
6.	Жалпы ережелер _____	5
7.	Шетелдік ғалымдарға қойылатын жалпы талаптар мен конкурс өткізу шарттары _____	5
8.	Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша келетін шетелдік ғалымдардың міндеттері _____	6
9.	Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасын жүзеге асыру _____	7
10.	Шетелдік ғалым мен профессордың қызметтеріне ақы төлеу _____	8
11.	Шетелдік ғалымдарды әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз ету _____	9
12.	Шетел азаматтарын медициналық сақтандыру туралы _____	9
13.	Өзгерістерді енгізу тәртібі _____	9
14.	Келісу, сақтау және тарату _____	10
15.	Қосымшалар _____	11-17

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 3 – ші беті

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Осы ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне (бұдан әрі - университет) шетелдік ғалымдарды шақырту үдерісін ұйымдастыру, яғни келу тәртібін, шақыру рәсімін және олардың қызметтеріне ақы төлеуді белгілейді.

1.2 Бұл Ереже университетке шетелден ғалымдар шақырғанда негізгі нұсқаулық ретінде пайдаланылады.

1.3 Бұл Ереже университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және шетелден ғалымдар шақырту мүмкіндігіне ие барлық кафедраларға таратылады.

1.5 УЕ-ХҚТУ-042-2022 Ережесі университеттің СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Университет ережесін дайындау барысында келесі нормативтік құқықтық құжаттар пайдаланылды және сілтеме жасалынды:

«Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін шақыртуға квота белгілеу және оны Қазақстан Республикасының өңірлері арасында бөлу, еңбек қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік жұмыс күшін шақыртуға жергілікті атқарушы органдардың рұқсаты талап етілмейтін адамдарды айқындау қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 802 қаулысы (28.04.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен).

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі № 477-IV Қазақстан Республикасының Заңы (13.05.2020 ж. жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен).

«Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін шақыртуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту, сондай-ақ корпоратившілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2016 жылғы 27 маусымдағы №559 Бұйрығы.

«Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 Заңы (13.05.2020 ж. жағдай бойынша өзгертулер және толықтырулармен).

«Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларын және Көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан заңсыз өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына келуге тыйым салынған адамдарды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы №148 қаулысы.

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысы.

«Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 мамырдағы №256 қаулысы.

- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған ақпараттарды басқару.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 4 – ші беті

3. АНЫҚТАМАЛАР

3.1 Анықтамалар:

Шетелдік ғалым – қазіргі уақытта жоғары оқу орнында жұмыс істейтін және білім беру мекемесінде кемінде 5 жыл педагогикалық қызмет өтілі, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы ғылыми дәрежесі, доктор (DBA), магистр (МВА) академиялық дәрежесі бар, педагогикалық қызметті жүзеге асыру үшін белгілі бір мерзімге университеттің ресми шақыруы бойынша келетін шетелдік азамат.

Шетелдік ғалымдардың ғылыми-педагогикалық қызметі – бұл оқылатын пәндер бойынша оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу және ғылыми зерттеуден тұратын қызмет, осы бағдарламаларды іске асыру (дәрістер оқу, практикалық, семинар сабақтарын және зертханалық практикумдарды өткізу, білімді бағалаудың қорытынды бақылауын және шеберлік-кластарын өткізу, сондай-ақ ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу).

Шетелдік ғалымдарды шақырту бойынша шығыстар – бұл бакалавриат, магистратура және докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлау, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыруда жүргізілетін, білім беру қызметтерін көрсету саласында шетелдік мамандарды шақыруға байланысты шығыстар.

4. ҚЫСҚАРТУЛАР

Университеттің осы ережесінде келесі қысқартулар колданылады:

ҒЗИ – Ғылыми-зерттеу институты;

ҒЗО – Ғылыми-зерттеу орталығы;

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

УЕ - Университет ережесі;

ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;

ҚР ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;

ЖБКББО – Жоғары білімнен кейінгі білім беру орталығы;

БББ – Білім беру бағдарламасы;

КҚК - Көші-қон қызмет комитеті;

СМЖ – Сапа менеджменті жүйесі;

Ереже – Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ереже.

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК

УЕ университет Сенаты мәжілісінде бекітіледі.

Бекітілген ереже қолданушылардың назарына «Танысу парағына» қол қойыла отырып, жеткізу жауапкершілігі кафедра меңгерушілеріне және факультет декандарына жүктеледі.

Осы ереже талаптарын нормативті құжаттарға және регламенттеуші талаптарға сәйкестендіру жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 5 – ші беті

6. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

6.1. Осы Ереже университеттің стратегиялық жоспары негізінде әзірленді және ҚР БҒМ, басқа да қаржыландыру көздері шеңберінде университетке сабақ беру және ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу үшін шетелдік ғалым ретінде немесе штаттық қызметкер ретінде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту рәсімін сипаттайды, сондай-ақ ҚР БҒМ негізінде немесе университеттің меншікті қаражаты және басқа да қаржыландыру көздері есебінен жүргізілген шығыстардың бағытын, пайдаланылуын, рәсімделуін және есепке алынуын нақтылайды.

6.2. Шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту жөніндегі іс-шараларды іске асыруға Халықаралық байланыстар департаменті, факультет декандары мен кафедра меңгерушілері, сондай-ақ факультеттердегі жауапты үйлестірушілер тартылады.

6.3 Университетке келетін шетелдік ғалымдармен және профессорлармен келісім-шарт жасалынады.

6.4 Университетке шақырылған шетелдік ғалым мен профессордың бағдарламасы аяқталғаннан кейін кафедра меңгерушісі/факультет деканы немесе ҒЗИ/ҒЗО директоры жеті күннен кешікпей, Халықаралық байланыстар департаментіне, Академиялық департаментке және Ғылым департаментіне атқарылған жұмыс жөніндегі есебін ұсынады.

6.5 Шақырылған шетелдік ғалым мен профессорлар, егер заңнамалық актілерде өзгеше жағдай көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін және осы ережедегі міндеттемелердің орындалуы үшін барлық іс-әрекеттер үшін дербес жауапты.

6.6 Университетке шетелдік ғалым мен профессорларды шақырту бағдарламасы келесіндей қаржыландыру арқылы жүзеге асады:

6.6.1 ҚР ҒЖБМ бюджет қаражаты;

6.6.2 шетелдік ғылыми білім беру қорларын қаржыландыру;

6.6.3 өз қаражаты;

6.6.4 басқа да.

7. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР МЕН КОНКУРС ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

7.1 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша келетін ғалымдарға қойылатын негізгі талаптар келесіндей:

7.1.1 ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD докторы), ғылыми атағы (профессор, қауымдастырылған профессор), академиялық дәрежесі (магистр, MBA, DBA);

7.1.2 шақырту сәтінде ЖОО-да кемінде 5 жыл ғылыми-педагогикалық қызметінің болуы;

7.1.3 шақырту сәтінде Хирш индексі кемінде 3-ке тең болуы;

7.1.4 шақырту сәтінде ағылшын тілінде ең кемі C1 дәрежесін растайтын сертификаттың болуы керек.

7.2 Университетке шетелдік ғалымдарды шақыртудың негізгі критерийлері:

7.2.1 ағылшын немесе түрік тілдерінде білім берудің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша мамандар даярлау бағыттарының білім беру бағдарламаларының пән (модульдер) курстары бойынша бос орындардың болуы;

7.2.2 Университеттің меншікті қаржы қаражатының немесе басқа да қаржыландыру көздерінің болуы тиіс.

7.3 Адам ресурстарын басқару бөлімі конкурсқа қатысатын үміткерлерді қарау үшін

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 6 – ші беті

ректордың бұйрығымен комиссия құрады.

7.4 Шетелдік ғалым комиссияның қарауына келесі құжаттарды ұсынады:

7.4.1 шетел азаматы төлқұжатының көшірмесі және университетке келу қажеттілігінің жазбаша негіздемесі;

7.4.2 ғылыми дәрежесін немесе атағын растайтын дипломдар мен сертификаттардың көшірмесі;

7.4.3 соңғы 5 жылдағы ғылыми және оқу-әдістемелік жарияланымдар тізімі;

7.4.4 түйіндеме;

7.4.5 оқу-әдістемелік материалдар (дәрістер, бейнедәрістер, онлайн-курстар, жобалау жұмыстары, білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалауға арналған материалдар);

7.4.6 ғылыми-педагогикалық және білім беру қызметін жүзеге асыру үшін шетелдік ғалымның университетте болу кезеңіндегі іс-шаралар жоспары (3-қосымша).

8. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ШАҚЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КЕЛЕТІН ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ

8.1 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы 2-3 апталық, 1 семестрлік және бір жылдық мерзіммен жүзеге асырылады.

8.2 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша 3 аптаға дейінгі мерзіммен келетін шетелдік ғалымдар келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- Университеттің (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін құру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;

- 5 ECTS кредиттік бір пәннің лекцияларын оқу;

- импакт-факторы жоғары (процентілі 50 ден кем емес scopus базасындағы, Q2 кем емес web of science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда бірлескен ғылыми жарияланымдар шығаруға дайындық (research proposal);

- кафедрада ОПҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік құралдары бойынша дайындық жұмыстарын жүргізеді;

- университеттің кітапхана қорын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу (кітаптар тізімі, кітаптар мен электронды нұсқалары);

8.3. Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша 1 семестрге (6 ай) келетін шетелдік ғалымдар келесі міндеттерді орындауы тиіс:

- Университеттің (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін құру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;

- 5 ECTS кредиттік екі пәннің лекцияларын оқу;

- импакт-факторы жоғары (процентілі 50 ден кем емес scopus базасындағы, Q2 кем емес web of science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда 1 ғылыми жарияланым шығару;

- кафедраның ОПҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу;

- университеттің кітапхана қорын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу (кітаптар тізімі, кітаптар мен электронды нұсқалары);

8.4. Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасы бойынша 1 жылға (12 ай) келетін шетелдік ғалымдар келесі міндеттерді орындауы тиіс:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 7 – ші беті

- Университеттің (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін құру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету;

- 5 ECTS кредиттік екі пәннің лекцияларын оқу;

- импакт-факторы жоғары (процентілі 50 ден кем емес scopus базасындағы, Q2 кем емес web of science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда 2 ғылыми жарияланым шығару;

- кафедраның ОПҚ-мен бірлескен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу;

- университеттің кітапхана қорын электронды және қағаз тасымалдағыштардағы шетел әдебиеттерімен, сондай-ақ бағдарламалық өнімдермен толықтыруға жәрдемдесу (кітаптар тізімі, кітаптар мен электронды варианттары);

- халықаралық қорлар мен бағдарламалар бойынша бірлескен ғылыми жобаларға құжаттарды конкурсқа әзірлеп, қатысу (мысалы, Tubitak, Chevening, Fulbright, Эразмус+).

9. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ШАҚЫРТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

9.1 Шетелдік ғалымдарды шақырту бағдарламасын іске асыру үшін университет құрылымдарының келесі іс-қимыл алгоритмі белгіленеді:

9.1.1 Әр оқу жылының соңында 15 маусымға дейін факультет декандары курстың атауын, кредиттер санын, өткізу мерзімін, білім алушылар контингентін, білім деңгейін, оқыту нәтижелерін көрсете отырып, білім беру бағдарламалары бойынша дәрістер оқу және зертханалық-практикалық, семинар сабақтарын өткізу үшін шетелдік ғалымдарды, профессорларды шақыру өтінімдерін (шақыру хаттарын) Халықаралық байланыстар департаментіне жібереді (1-қосымша). Қажет болған жағдайда Халықаралық байланыстар департаменті факультеттерге білім беру бағдарламаларының басым бағыттары бойынша шақырылатын шетелдік ғалымның, профессордың қажетті кандидатурасын іздестіруге жәрдемдеседі;

9.1.2 Халықаралық байланыстар департаменті, Академиялық департамент және Ғылым департаментімен бірлесе отырып, факультеттердің білім беру бағдарламалары бойынша шетелдік ғалымдарды, профессорларды дәріс оқуға және зертханалық-практикалық, семинар сабақтарын өткізуге шақыру жоспарын жасайды және жоспарды Академиялық мәселелер вице-ректоры, Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры және Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры бекітеді. Объективті себептерді ескере отырып, жоспарға өзгертулер енгізуге жол беріледі;

9.1.3 Бірнеше үміткер пайда болған жағдайда, оның мамандану бағыты бойынша халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларындағы және ғылыми-әдістемелік басылымдардағы жұмыс тәжірибесімен бірге, ғылыми мақалаларды жариялау көрсеткіштері басқа үміткерлерге қарағанда жоғары болатын үміткерге басымдық беріледі;

9.1.4 Халықаралық байланыстар департаменті факультет декандарының өтінімдері негізінде шетелдік ғалымдар мен профессорларды тарту жоспарын жасайды және Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректорымен бекітеді. Бекітілген жоспар университет сайтына орналастырылады;

9.1.5 Адам ресурстарын басқару бөлімі сайтта бекітілген жоспарға сәйкес шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақыру үшін бос орындарға конкурс жариялайды;

9.1.6 Халықаралық байланыстар департаменті конкурс шарттарын көрсете отырып, оқу сабақтары басталардан екі жарым ай бұрын шетелдік ғалымның, профессордың

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 8 – ші беті

қажетті кандидатурасын анықтау үшін шақыру хатын жолдайды;

9.1.7 Шетелдік ғалым, профессор оқу сабақтарын, білім алушылардың аралық және қорытынды бақылау бағасын университеттің ережелеріне сәйкес жүргізеді;

9.1.8 Шетелдік ғалымды, профессорды қабылдайтын факультет пен шақырушы кафедра университет сайтында ақпараттық сүйемелдеуді (пресс-релиз және т.б.) қамтамасыз етеді;

9.1.9 Халықаралық байланыстар департаменті ҚР ИМ Көші-қон қызмет комитетінде (бұдан әрі - КҚК) шетелдік ғалымды/профессорды тіркеуді жүргізеді және шетелдік ғалымның келуін, орналасуын ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады;

9.1.10 Адам ресурстарын басқару бөлімі Виза бөлімімен бірге шетелдік ғалымды шақыруы бойынша қажетті құжаттарды дайындайды және Адам ресурстарын басқару бөлімі университетте көрсетілген мерзімге жұмыс визасын алу үшін еңбек шартын (2-қосымша) рәсімдейді. Жұмыс визасын рәсімдеу және визалық қолдауды университет өз қаражаты есебінен немесе бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыру шеңберінде төлейді;

9.1.11 Шетелдік ғалым жұмыс визасын алғаннан кейін және келу күні расталғаннан кейін Адам ресурстарын басқару бөлімі жұмысқа қабылдау туралы бұйрық дайындайды.

9.1.12 Факультет пен кафедра меңгерушілері шетелдік ғалымның, профессордың оқу жүктемесінің көлемін, оқу сабақтарын өткізу кестесін айқындайды, сондай-ақ шетелдік профессормен шарттық міндеттемелердің тиісті деңгейде орындалуына жауапты және бақылау жүргізеді.

9.1.13 Қаржы департаменті шетелдік ғалымның, профессордың шақыртылуы бойынша шығыстар сметасын әзірлейді;

9.1.14 Шетелдік ғалымның келу мерзімі өзгерген жағдайда Халықаралық байланыстар департаменті бұл туралы тиісті бөлімдерді және факультет пен мамандық шығарушы кафедраны хабардар етеді.

9.1.15 Шетелдік ғалымды, профессорды қабылдайтын факультет пен кафедралар қажет болған жағдайда шетелдік ғалымның университетте болу мерзімдерінің өзгеруі туралы Халықаралық байланыстар департаментін, Ғылым департаментін және Академиялық департаментті уақтылы хабардар етеді;

9.1.16 Қаржы департаменті шетелдік ғалымның, профессордың көрсеткен қызмет ақысын төлейді.

9.1.17 Өтінімдер түрік және ағылшын тілдерінің бірінде ұсынылады.

10. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМ МЕН ПРОФЕССОРДЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

Осы Ережеде шақырылған шетелдік ғалымдар мен профессорларды штат құрамына шақырту жөніндегі шығыстар деп мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің үш деңгейі (бакалавриат, магистратура, докторантура) бойынша мамандар даярлау бағытының білім беру бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін көрсету үшін, сондай-ақ университеттің QS рейтингісіндегі позицияларын жақсарту үшін шақырылған шетелдік ғалымдарды кафедралардың штат құрамының бос орындарына қосуға байланысты шығыстар деп түсінеді.

10.1 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту жөніндегі шығыстарға шақырылған шетелдік ғалымдар мен оқытушылар үшін сағаттық жалақының шекті мөлшерін Өкілетті кеңесі бекітетін ганорарды төлеу және олардың Қазақстан Республикасында болуын визалық қолдау жөніндегі шығыстар жатады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 9 – ші беті

10.2 Әрбір жеке жағдайда болу уақытына, оқылатын курстың өзектілігіне байланысты, бірақ белгіленген шекті нормалардан аспайтын жеке төлем белгіленеді. Қажет болған жағдайда (іріктеудің қажетті критерийлеріне сәйкес келетін нақты шетелдік оқытушыны шақырудың негізді қажеттілігі кезінде) шетелдік оқытушыларды шақырту жөніндегі шығыстарға олардың тұратын жерінен ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыратын жерге дейін шақырушы университет аумағында жол жүру және кері қайту шығыстары жатқызылуы мүмкін.

10.3 Банкеттерді, бос уақытты, ойын-сауықты немесе демалысты ұйымдастыруға арналған шығыстар, сондай-ақ тамақтануға арналған шығыстар өтелуге жатпайды.

10.4 Шетелдік ғалым келгеннен кейін, Адам ресурстарын басқару бөлімі салық төлеушінің тіркеу нөмірін және банктегі шотты рәсімдейді. Төлкұжаттың нотариалды куәландырылған аудармасын Халықаралық байланыстар департаменті мен виза бөлімі жүзеге асырады, ал шығыстарын университет көтереді.

10.5 Бас бухгалтер шетелдік оқытушының шақыруы бойынша шығыстарды сатып алу/өтеу үшін Халықаралық байланыстар департаменті ұсынған құжаттардың негізінде жасалған жеке еңбек шартына сәйкес уақтылы төлем жүргізеді;

10.6 Шетелдік ғалымның қызметтеріне ақы төлеу бойынша есеп айырысу теңгемен жүзеге асырылады;

10.7 Білім беру қызметтеріне ақы төлеу орындалған қызметтер актісінің негізінде жүргізіледі.

10.8 Еңбек шарты бойынша жалақы төлеу әр ай аяқталғаннан кейін табельге сәйкес жүргізіледі.

11. ШЕТЕЛДІК ҒАЛЫМДАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

11.1 Шетелдік ғалымға демалыс күндері (мереке және демалыс күндері) университет қызметкерлері сияқты беріледі;

11.2 Университет шетелдік ғалымды тұрғын үймен қамтамасыз етеді.

12. ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫН МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

12.1 Университетке оның шақыруы бойынша келетін шетелдік ғалымдар мен профессорлардың өз елінде жолды қоса алғанда, барлық болу мерзіміне рәсімделген медициналық сақтандыру полисі болуға міндетті немесе оны қазақстандық сақтандыру ұйымдарынан сатып алады;

12.2 Сақтандыру жағдайы басталған жағдайда медициналық мекемемен өзара іс-қимыл бойынша барлық формалдылықтарды тиісті құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мәселелердің өздеріне тиесілігі бойынша реттейді;

13. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

13.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3 құжатталған ақпараттарды басқару процедурасына сәйкес жүзеге асады.

13.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 10 – ші беті

14. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1 Осы Университет Ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделіп, бекітуге және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулы шығарады (Университет Сенатының мәжілісі 2022 ж. «___» _____ № ___ хаттамасы).


14.2 Шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы Ереженің әзірленуіне Ғылым департаменті, мазмұны мен шақырту талаптарын талқылап келісуге Академиялық департамент, Халықаралық байланыстар департаменті, Факультеттер, оны ережелер қатарына қосуға, жауапты болады.

14.3 Осы Университет Ережесінің жұмыс данасын сақтау, көбейту және қолданушыларға жіберу үшін жауапкершілік Ғылым департаментінің, Академиялық департамент, Халықаралық байланыстар департаменті директорларына жүктеледі. Осы Университет Ережесінің жұмыс нұсқалары факультет декандарына, ғылыми істер жөніндегі декан орынбасарларына, кафедра менгерушілеріне электронды почта адрестері бойынша жіберіледі.

14.4 Осы Университет Ережесінің бақылау данасы СРСО-ға сақтауға беріледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Стратегиялық даму және ғылым вице-ректоры




А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры



Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры



Пусат Пилтен

Заң бөлімінің басшысы



Г. Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы



Қ.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг және сапа орталығының басшысы



Ж.Дарибаев

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 11 – ші беті

Қосымша 1

шетелдік ғалымдарды, профессорларды шақыру хат үлгісі

университеті ректорына

Шақыру хат

Сізді университетінің факультеті
кафедрасы
оқытушы профессор (жол ақысы мен шығындарын университет
тарапынан төленеді) уақыт аралығында сабақ және семинарлар
өткізу үшін Ахмет Ясауи университеті шақырады.

Құрметпен,

..... Ректор

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 12 – ші беті

Ф-ББ-002/002

Қосымша 2

Еңбек шарты үлгісі

КЕЛІСІМ ШАРТ

Қызмет көрсету туралы

Түркістан қаласы

“...”.....20....жыл.

Бір жағынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті атынан Жарлық негізінде әрекет етуші университет ректоры Ж.Темірбекова (бұдан былай “Тапсырыс беруші”) және екінші жағынан

_____ (бұдан былай “Орындаушы”) арасында төмендегі келісім шарт жасалды;

1. Келісім шарттың мәні.

1.1. “Орындаушы” осы келісім шартта көрсетілген қызмет (жұмыс) түрін көрсетуге (орындауға), ал “Тапсырыс беруші” орындалған жұмысты қабылдауға және осы көрсетілген қызмет (орындаған жұмыс) үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Осы келісім шарт бойынша көрсетілген қызмет (орындалатын жұмыс) түрі:

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

2.1. “Орындаушы”, “Тапсырыс берушінің” талабы бойынша осы аралық мерзімінде қызмет (жұмыс) түрлерін орындауға міндеттенеді:

2.2. “Тапсырыс беруші”, “Орындаушыдан” атқаратын (орындайтын) жұмысы бойынша пән жетекшісінің сапасына қатысты қортындысы негізінде қабылдауға.

2.3. “Тапсырыс беруші”, “Орындаушының” істеген (орындаған) жұмысы үшін осы келісім шарттың 3.1. тармағында көрсетілген ақыны төлеуге міндеттенеді.

3. Ақы төлеу тәртібі мен мөлшері.

3.1. “Тапсырыс беруші”, “Орындаушының” көрсеткен қызметі (орындаған жұмысы) үшін: _____ теңге көлемінде ақы төлейді.

3.2. Тапсырыс беруші орындаушыға осы келісім шарттың 3.1-тармағында көрсетілген. Жалпы соманы ай сайын _____ көлемінде бөліп төлейді.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 13 – ші беті

4. Келісім шарттың жарамдылық мерзімі

4.1 Осы келісім шарт тараптар қол қойған кезден бастап күшіне еніп, келісім шартта көрсетілген қызмет (жұмыс) түрі толығымен орындалған кезден бастап күшін жояды.

5. Қорытынды

5.1 Осы келісім шартқа енгізілген кез-келген өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде жасалып, оған қол қоюға өкілеттігі бар адам қол қойған кезде ғана жарамды болады.

5.2 Осы келісім шарттан туындаған барлық даулар екі жақтың келісімі бойынша шешіледі, егер екі жақ өзара келісімге келе алмаған жағдайда дауды университет ҚР қолданыстағы заңдары шегінде орындауды талап етуге құқылы.

5.3 Осы келісім шарт мәтіні бірдей құқықтық күшке ие 2 данада қазақ тілінде жасалады.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері

Тапсырыс беруші

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-і
Түркістан қаласы,
Б.Саттарханов №29 В
РНН 582000019149
ИИК KZ436010291000010707
БИК HSBKZKZKX
АО Народный Банк Казахстана
КБе 16 БИН 990440008043
ХҚТУ ректоры
Ж.Темірбекова.....

Орындаушы

.....
Мекен-жайы:.....
.....
.....
Жеке куәлік№:
.....
Тел:.....
Қолы:.....

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық казак-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 14 – ші беті

Ф-ҒБ-002/010

Қосымша 3

Іс-шаралар жоспарының үлгісі

№	Атқарылатын іс-шаралар жоспары	Орындалу мерзімі
1	Шетелдік ғалымның келуі, құжаттарды реттеу процестерінің аяқталуы, орналасуы	
2	Факультеттегі, жұмыс, оқыту процесімен, ББ бағдарламасымен танысуы	
3	Арнайы бекітілген жүктеме негізінде өз саласы бойынша дәріс оқу, семинар жүргізу	
4	Оқу-әдістемелік кешендер (бейнедәрістер, онлайн конференциялар, case study, дәрістер, жобалық жұмыстар, студенттердің өзіндік жұмысына арналған сұрақтар, аралық және қорытынды бақылаудың тест тапсырмалары, файлдар репозиторийін құру және т.б.) оқу үдерісіне инновациялық технологиялар трансфертін қамтамасыз ету	
5	Импакт-факторы жоғары (процентілі 50 ден кем емес scopus базасындағы, Q2 кем емес web of science базасындағы журналдарда) ғылыми журналдарда бірлескен ғылыми жарияланымдар шығару	
6	Кафедраның ОПК-мен бірлескен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу	
7	Факультеттің ғылыми жұмыстарына, шараларына белсене атсалысу (шара атауы)	
8	Факультеттің даму стратегиясына қатысты ұсыныстарын ауызша және жазбаша сипатта беру	
9	Факультетте ғылыми конференциялар, симпозиумдар мен семинарлар өткізу бойынша ұсыныстарын беруі және өткізілуіне өз үлесін қосуы	

Келісілді:

_____ факультет деканы _____ (аты-жөні) _____ (қолы)

_____ кафедра меңгерушісі _____ (аты-жөні) _____ (қолы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-042-2022
Сапа менеджменті жүйесі	Университет Ережесі	
Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі		17 беттің 15 – ші беті

Қосымша 4
Ұсыныс хаттың үлгісі

Шақырылатын университеттің ректоры

Ұсыныс хат

___ / ___ / ___ жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті мен _____ (мекеменің толық атауы) арасында қол қойылған халықаралық ынтымақтастық хаттамасы негізінде төменде аты-жөні, салалары және қызмет ету мерзімі көрсетілген профессорлық-оқытушылар құрамын кәсіби білімі мен тәжірибесін арттыру мақсатында шығындарының _____ (өз есебінен, университет есебінен) болуы шартымен қабылдауыңызды ұсынады.

Аты-жөні	Факультет	Кафедра	Мерзімі

Ректор

Аты-жөні

